

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = **Материалы** Республиканской научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития»**. - 2018. - Т.І, Ч.3 – Б. 49-51

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ ДИЗАЙН ЖОБАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жүніс Ж.С.

Бұл мақалада ауыл шаруашылық логистикалық орталығынелімізде дамыту және әлемдік деңгейге шығару үшін, қоғамның жаңа талаптарын ескере отырып дизайн жобасын жасаудың маңыздылығын талқылаймыз.

Логистикалық орталықдегенге жалпы былай сипаттама беріледі - бұл жүктерді өңдеу және сақтау, кедендік рәсімдеу, ақпараттық қызметтер болып табылатын мамандандырылған кәсіпорын.

Логистикалық орталықтардың дамыған жүйесі жеткізу тізбегін азайтуға, тауар ағынын оңтайландыруға және жеткізілімдердің жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді. Шын мәнінде, жеткізушілерден тұтынушыға дейін қысқа мерзімде және аз қаржы шығындарымен тауарларды жеткізу проблемасын шешу үшін логистикалық орталықтар құрылады.

Логистикалық орталықтарды екі түрге бөлуге болады.

Өңірлік логистикалық орталықтар сол аймақтың бірнеше кәсіпорындарымен байланыста құрылған. Олар сондай-ақ мультимодаль деп аталады. Бұл көліктік және экспедиторлық қызметтерді кең ауқымды қызметтермен қамтамасыз ететін ірі мекемелердің қатарына жатады. Олар әртүрлі компаниялардан көптеген тапсырыстарды өңдеуге мүмкіндік беретін құрылымдық құрылымы бар.

Жеке кәсіпорындар құрған логистикалық орталықтар негізінен олардың ауқымы бас компанияның көлеміне байланысты болады. Кейбір кішігірім ауқымдағы логистикалық орталықтарда кем дегенде жабдықталған екі немесе үш маман ғана жұмыс қызмет жасай бере алады. Ал ірі компаниялар болса, олар жоғары сапалы мамандарды таңдап, сапалы қызмет көрсете алатын білікті қызметкерлері бар құрылымдарды жасайды. Қазіргі таңда білікті кадрлармен қамтамасыз ету оңай емес, өйткені, көптеген кәсіпорындар да кәсіби білімі бар мамандардың қызметтерін пайдалана отырып, өз орталықтарын ұйымдастыруға тырысады.

Логистикалық орталықтар көбіне Ресей, Қытай, Еуропа елдерінде көптеп таралған. Қазақстанда логистикалық орталықтар бар бірақ атап айтқанда осы біздің көтеріп отырған мәселеге байланысты жаңа ауылшаруашылық логистикалық орталығы талапқа сай толық дамымай отырғанын байқаймыз.

Ел басымыз Н.Ә.Назарбаевтың жылдағы Халыққа Жолдауларында ауыл шаруашылығы саласын, оның ішінде жаңа үлгідегі логистикалық орталықтарын дамытуға үнемі көңіл бөлуде. Мұның себебі түсінікті. Біздің елімізде көптеген табиғи ресурс көздері бар. Мысалға: мұнай, металл, уран, көмір, тағы басқалар. Бірақ үдемелі сипатқа ие өнеркәсіптік әлеуетіміздің қазіргі деңгейімен есептегенде бұлардың барлығы таусылуға жататындықтан және аталған өнімдерге халықаралық бағалардың тұрақсыз бола бастауынан халқымыздың болашағы негізінен ауылшаруашылық логистикалық орталықтарымен байланыстырылады. Аграрлық ғылымды дамыту мәселесі басты назарда болуға тиіс. Ол ең алдымен жаңа технологияларды трансферттеумен және оларды отандық жағдайға бейімдеумен айналысу қажет. Осыған орай аграрлық университеттер ауыл шаруашылығы кешенінде нақты жұмыс істейтін немесе ғылыммен айналысатын мамандарды дайындауы қажет. Елбасы Жолдауда: «Жоғары оқу орындарынан оқу бағдарламаларын жаңартып, агроөнеркәсіп кешеніндегі озық білім мен үздік тәжірибені тарататынын орталықтарға айналу талап етіледі», деп атап көрсетті. Бұл орайда Мемлекет басшысы аграрлық білімнің дамуына, оның деңгейін инновациялық деңгейге жеткізу, білім мен ғылымның байланысын одан әрі тереңдету жөнінде айтып отыр. Сондықтан, негізгі мақсат: «Білім-Ғылым-Өндіріс» болу керек. Сонда ғана инновациялық білім мен инновациялық инфрақұрылым дамып, жоғары оқу орындарында корпоративтік орта құрылады.[1].

Бүгінгі таңда Қазақстан көптеген елдерге қарағанда ауыл шаруашылығының таза өнімдерін өндіруші ел болып табылады. Сондықтан, аграрлық экспорттық өнімге сұраныс та көп. ХХІ ғасыр – экологиялық таза тағам дәуірі. Өзіміздегі шикізат өндірісінен сапалы өңделген өнім шығарғанда ғана халықаралық нарықта бәсекеге қабілетіміз артатыны сөзсіз. [1].

Бүгінге дейін Қазақстанның аграрлық саласы инвестиция тартуға қызығушылық тудырмады. Оған өндірілетін өнімнің көлеміне, сапасына әсер ететін факторлардың көптігі, ауа райына тәуелділік, топырақ құнарлылығының төмендеуі, тауар айналымының ұзақтығы, өнімді өсіру, жинау, сақтау кезеңдеріндегі шығындар, инновациялық технологияларды уақытылы қолдану мүмкіншіліктерінің болмауы кері әсер етті. Саланың ақпараттық-технологиялық деңгейін арттырып, инвестиция көлемін ұлғайту үшін «Агроөнеркәсіптік кешеннің цифрлық жүйесі» қорын құру маңызды [2].

Қазақстанда фермерлер үшін көтерме және логистикалық орталық салу ұсынылды.

Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Атамекен» (РМК) LS сәйкес, фермерлер тікелей бөлшек тізбектерінің өз өнімдерін сатуға көмектесетін, көтерме және логистикалық орталығын құру туралы ұсыныс жасады.

АЭС-да түсіндірілгендей, орталықта шағын фермаларда өндірілетін өнімдерді жинауға, калибрлеуге, орауға, қаптауға және сатылымға дайындауға болады. Жоба мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ) форматында құрылады, онда үш партия ұсынылады: мемлекет, бизнес және

кооперативтер. Алматы облысының әкімдігі қажетті инфрақұрылымды құру үшін жер учаскелерін және бюджеттік қаражат есебінен қамтамасыз етуге дайын. Орталықты фермерлер мен қатысушылар есебінен сақтау жоспарлануда.

RPE көрсетілгендей, Қазақстан \$ 3 млрд көкөністер мен жеміс импортталады. Алматы нарығында бұл өнімдер 700 млн долларға сатып алынады, сонымен бірге ұқсас өнімдерді сататын фермерлер жиі қаланың сауда желілері мен нарықтарына жете алмайды.

«Біз фермерлерге сауда-саттықтың жаңа форматына көшуді ұсынамыз және Алматыда 720 млн. доллар болатын жеміс-көкөніс өнімдерінің импортын алмастыруға мүмкіндік береміз», - дейді АЭА басқарма төрағасының орынбасары Нұржан Алтаев, сонымен қатар оның пікірінше, осындай ынтымақтастық көкөніс пен жеміс құнының төмендеуіне көп ықпал жасайтынын атап көрсетті..[4]

Сондықтан дәл қазір, фермерлер мен тарату желілерін арасындағы байланыстың болмауынан делдалдар баға өсіміне кері әсерін, береді. Ал егер ертең біз, сауда желілерінде ірі ауыл шаруашылығы біріктіретін болсақ, логистикалық орталық құрсақ, онда бағасы үш-төрт есе азаяды.

Орталықпен сауда жасау үшін фермерлер кооперативке қосылуы керек.

«Бүгін, біз, кооперативтерді өнімдерін көлік, логистика, сату үшін маркетинг жүйелерін ұсынамыз. Болашақта ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық ауыл шаруашылығы техникасының өндіріс желісі (бөлісу, тыңайтқыштар сатып алу, жаңа сорттарын шығару) бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Ол кейбір ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің, өз тауарларын жүзеге асыруға қабілетті емес екенін байқатады», - деп түсіндірді ҚұлыбаевТ.[5]

Тимур Құлыбаев мұнай бағасының құлдырауы және дағдарыс жағдайында ауыл шаруашылығының рөлі арта түскенін атап өтті.

Соңғы жылдары әлемдік рыноктарда ауылшаруашылық өнімдеріне деген сұраныс тұрақты өсуде. Осы сұранысты қанағаттандыруға Қазақстанның мол мүмкіндігі бар. Мемлекетіміздің иелігінде 272 миллион гектар жер дұрыс игере білген жағдайда ұрпақтарымыздың алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуші негізгі табиғи ресурс көзі болып табылады. Ол үшін ең алдымен – ауыл шаруашылық логистикалық орталығын заман талабына сай өркендетуіміз қажет.

Астық жинау – дикандар ғана үшін емес, бүкіл еліміз үшін айтулы науқанның бірі. Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру нәтижелері мемлекеттегі азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты айқындайды. Бүгінде мемлекет ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру саласын жүйелі түрде жетілдіруге және әртараптандыруға бағытталған саясат жүргізуде. Қазақстан әлемдегі сұранысқа ие ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаратын ірі елдің қатарына енуі тиіс. [3-4].

Жаңа орталық, логистикалық орталық, сауда желілерін жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өнімдерінің айтарлықтай көлемін

сақтауға және жіберуге мүмкіндік береді. Логистикалық орталық жыл мезгілінің өзгеруіне қарамастан, өз жұмысын жыл бойы атқара береді. Мұнда жеміс-жидек пен көкөністі қайта өңдеу, сұрыптау және орау үшін жаңа импорттық жабдықтар орнатылады. Ауылшаруашылық логистикалық орталығының жаңа дизайн жобасын жасау арқылы елімізге эстетикалық жағынан көрік беретін, сапалы өніммен елімізді қамтамасыз ететін жаңа дем, жаңа бағыт алып келері сөзсіз.

Қазақстанда ауыл шаруашылық өнімдерінің логистикалық орталығын сәулеттік дизайнда қолдана отырып халықты азық-түлік оның ішінде жеміс-жидек, көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету міндеті айқындалды.

Бұл Қазақстанның бәсекеге қабілетті 30 елдерінің қатарына енуге, елімізді дамытудың маңызды қадамдарының бірі болып табылады.

Ауыл шаруашылық логистикалық орталығын сәулеттік дизайнда қолданудың міндеттері:

-осы салаға байланысты мемлекеттік бюджеттен жылма-жыл мол қаржы бөлініп келеді. Осы қаржыны тиімді пайдаланып елдегі өсу мүмкіндіктері бар қажетті салаларға дұрыс бағыттау білу;

-Қазақстандағы ауылшаруашылық логистикалық орталығын заман талабына сай сәулеттік дизайн жобасын пайдалана отырып өркендету;

-логистикалық орталықтың тиімділігін пайдалана отырып ауыл шаруашылық өнімдерін әлемдік рыноктарға шығару.

-нәтижесінде барлық талаптарға сай міндеттердің кезеңдері бойынша орындап мақсатқа жету. Логистикалық орталықтарды көбейтіп, ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз ету арқылы табиғи ресурс көзіне айналдыру.

Әдебиет тізімі

1. “Егемен Қазақстан” газеті, Агроөнеркәсіптік кешен: түбегейлі бетбұрыс, 5.02.2018ж., 3б.
2. “Егемен Қазақстан” газеті, Агроөнеркәсіптің жаңа цифрлы бағыттары, 16.02.2018ж., 3б.
3. “Астана ақшамы” газеті, Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері, 11.01.2018ж., 1-5б.
4. Article “Key issues in successful transformations of industrial heritage” by Anouk Scheltens, Theo Van Der Voordt and Philip Koppels